

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АКАДЕМИЯСЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ**



**«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе,
мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен
мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық
конференциясы материалдарының**

ЖИНАҒЫ

31 қазан 2025 жыл.

Астана қ.

Конференция AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты ғылыми жоба аясында ұйымдастырылды.

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84
Т93

**Жалпы редакциясын басқарған – Қапантайқызы Ш.
Редакциялық ұжым: Бибекөв Қ.Т., Кенжалин Қ.К., Шоқабаета С.С.,
Аитова Н.Н., Баймұханбетова М.Б., Бегимова Г.А.**

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. 2 томдық., 1-том. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 245 бет.

ISBN 978-601-385-146-4

Бұл жинақта тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту мәселесінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелері қарастырылып, заманауи озық тәжірибелері жинақталды. Авторлар еңбектерінде білім беру кеңістігінде тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту, тіл арқылы мәдениет пен ұлттық дүниетанымды меңгерту, әдеби шығармаларды аксиологиялық тұрғыдан талдау сияқты мәселелер ғылыми тұрғыда ұсынылды.

Сонымен қатар, жинаққа құндылыққа негізделген тілдік және әдеби білім берудің инновациялық әдістерін, педагогтардың кәсіби даярлығы мен құзыреттілігін жетілдіру жолдарын, қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік бағыттардың орны мен болашағын айқындауға бағытталған енгізілді.

Материалдар тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің, аксиолингводидактиканың өзекті бағыттарына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне және магистранттарға арналады.

ISBN 978-601-385-146-4

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025.

Қасымханұлы, Үсен Жанбайұлы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 262-бет). «Көз жасымызды көргендерге амандық берсін, тәңірі жарылқасын!». Семейден Торғайға екі рет мал келді, алдыңғы ретте 4249 қара, соңғы ретте 3836 қара, барлығы 8085 қара; мұның 2711-і жылқы, 5189 сиыр, 185 түйе.

...Бұрында талай жұттар болған, бірақ мұндай жәрдем еткенді көз көріп, құлақ естіген жоқ. Бұл жәрдем шын ағайындық, адамгершілікпен етілген жәрдем, мұны алушылар түсініп, күн сайын мың-мың алғыс айтып отыр» (Семей елін тәңірі жарылқасын! // «АҚ ЖОЛ» (газеті). Көптомдық. 9 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы, – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 191-бет). «Партия», «Қазақтың өзгеше мінездері», «Ұлтты сүю», «Қазақ партиясын жою туралы бір-екі ауыз сөз», т.б. мақалаларымен әлеумет санасы, қоғам тынысындағы кейбір кем-кетіктерге сын көзімен қараған тектінің «Сотты сұрыптау» мақаласында «Жауыздықтың мұрты қисайған жоқ. Енді бұған не дауа?» («АҚ ЖОЛ» (газеті). Көптомдық. 6 том / Құраст. Х.Есенқарақызы. Төте жазудан транскрипциялаған: Ғалымбек Елубайұлы, Ғалым Қасымханұлы, – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. Т.6. 103-бет) деп күйінуі тегін емес еді. «Еңбекші қазақ» газетінде Аймауытұлына жала жабылды. Орынсыз ғайбаттауға жауап жазған қайраткер (Жүсіпбек. Жауап // Қазақ тілі. 1923. №42) атақты «Торғай ісі» бойынша қуғын-сүргінге түсті.

«...Жеке адамдарға, қызметкерлерге мал бергенде комиссияның ұйғарған адамдарына ғана бердім. Малдың дұрыс бөлінуіне, мұқтаждарға, аштарға берілуіне көңіл бөлдім. Бірақ елмен таныс болмағандығымнан кеткен қаталар болмаса, мал бөлу жөнінде орынсыз қиянат істеген жоқпын» (Жүсіпбек Аймауытұлының жауабы // Социалистік Қазақстан. – 1990. – 20 қараша. Материалды газетке әзірлеген Дихан Қамзабекұлы) деген арлы азаматқа қатысты қанды қол биліктің имансыз үкімі шықты (Қараңыз: Қаленова Т. Жүсіпбек Аймауытовтың қуғындалу тарихы немесе «Торғай ісі» сот процесі // [e-history.kz > news > show](http://e-history.kz/news/show)).

Сол бір тұманды жылдардағы бейуақ күндердің куәгері әдебиеттанушы ғалым Б.Кенжебаев Жүсіпбектің азаматтық тұлғасын тебіреніспен еске алды: «Сот үш күнге созылды. Үшінші күні Жүсіпбек соңғы сөзін сөйледі. Оны түгел жазып алған екен, мәнерлеп оқып шықты. Залда отырған көпшілік өте риза болды. Соңғы сөзін Жүсіпбек түгелдей қазақ халқының әдет заңы негізіне құрған еді. Асылы былай болды: «Қазақ ежелден қарыз беріп, қарыз алады; құн беріп, құн алады; қалың мал береді, қалың мал алады. Сонда ол бірінен-бірі ешуақытта қолхат алмайды; ешбір протокол жасамайды; Бәрін ауызша, сөзбен жүргізеді. Бұл әбден әдет болып кеткен. Аштарға жәрдем беріп үлестіргенімде менің бойымда да, ойымда да осы заң күшті болды. Мен атам қазақтың осы заңын ұстандым. Аштарға не берсем де, ешқайсысынан қолхат алмадым. Хат білмейтін, аштан көзі қарайып, өлейін деп отырған адамнан қолхат сұрауды қолайсыз көрдім» дегенді айтты» (Қараңыз: Кенжебаев Б. Телегей теңіз (Жүсіпбек Аймауытов жөнінде есімдегілер) Алғы сөзін жазып, әзірлеген Құлбек Ерғөбеков // Лениншіл жас. – 1989. – 6 январь).

Түйіп айтқанда, ұлт перзентінің қайраткерлік болмысы, шығармашылық тұлғасындағы қайталанбас қасиеттерін жаңа ғасыр биігінен тану үрдісі толастамақ емес. Ұлтына алғаусыз қызмет еткен Жүсіпбек нақыл сөздері Алаш өркениетінің рухани қайта түлеуіндегі мәңгілік сарқылмас қазынасы болып ғасырлардан ғасырларға ұласа бермек.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУ: СҰРАҚТАР МЕН ШЕШІМДЕР

Қапантайқызы Ш.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, п.ғ.д., Астана, Қазақстан.

Қазіргі күнде білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру қажеттілігі білім беру саласында ең үлкен міндетке айналып отыр. Себебі елдегі саяси-

әлеуметтік жағдайлар мен түрлі сыртқы ықпалдардың әсерінен әр қоғамдағы адамдардың құндылықтарға деген көзқарастарында өзгерістер болып отыратыны белгілі. Сондай кездерде әрбір мемлекет базалық ұлттық құндылықтарды қайталап еске түсіріп, заманға сай жаңаша мәнін айқындап, түсіндіру, оқыту, насихаттау ісін қолға алады. Жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесі білім берумен тығыз байланысты, сондықтан құндылықтар жүйесі жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен үлгілік оқу бағдарламаларында нақтыланады.

Қазіргі қолданыстағы жаңартылған деген атаумен белгілі үлгілік оқу бағдарламасы “1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; 2. Құрмет; 3. Ынтымақтастық; 4. Еңбек пен шығармашылық; 5. Ашықтық және 6. Өмір бойы білім алу” деген “Мәңгілік ел” базистік құндылықтарына сүйеніп жүзеге асырылып келді [1].

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 маусымдағы № 194 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы мазмұны ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын: “тәуелсіздік және отаншылдық; бірлік және ынтымақ; әділдік және жауапкершілік; заң және тәртіп; еңбекқорлық және кәсіби біліктілік және жасампаздық және жаңашылдық” деген құндылықтарға негізделді [2]. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Білім берудің базалық құндылықтары – оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ете отырып, білім беруді жеке тұлғаны дамытуға бағыттайтын ұстанымдар, сенімдер мен идеялар», «Мазмұндық концептілер – оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ететін негізгі құндылық бағдарлары» деген ұғымдар енгізілген. Стандартқа сәйкес білім беру мазмұны келесі базалық құндылықтарға бағытталған: 1) тәуелсіздік және патриотизм; 2) бірлік және ынтымақ; 3) әділдік пен жауапкершілік; 4) заң және тәртіп; 5) еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; 6) жасампаздық пен жаңашылдық. Сонымен бірге осы құжатта “оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын, дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер” деген ұғым енгізіліп, “Адам”, “Ар-ұждан”, “Намыс”, “Отбасы”, “Отан”, “Тіл”, “Мәдениет”, “Білім”, “Еңбек”, “Табиғат” құндылық концептілері айқындалып көрсетілді [3]. Демек, осы тізімде беріліп отырған он концепт болашақ бастауыш және орта негізгі білім мазмұнының құндылық бағдарын айқындайды деген сөз.

Әрине, құндылықтарды түрліше топтастыра беруге болады. Алайда осы жерде: “Құндылықтар нормативтік құжаттарда белгіленіп, оқулық мәтіндерінің мазмұнында тұрса, жас ұрпақтың бойына барып қона қала ма?» деген заңды сұрақ туындайды. Жауап: «Әрине, жеткіліксіз!». Олай болса, тағы нелерді оқытуымыз керек? Құндылық бағдарлы оқыту қалай жүзеге асырылуы тиіс? Ұлы дидактиканың «нені оқытамыз?», «қалай оқытамыз?» деген басты сұрақтары құндылық бағдарлы оқыту ісінде де өте өзекті болып тұр.

Стандарт пен Бағдарламаға сәйкес оқулық түзіледі. Қазақ тілі оқулықтарында бұл құндылықтар әдетте оқылым, тыңдалым мәтіндерінің мазмұны арқылы көрініс табады. Рухани құндылықтардың негізгі қайнар көзі – ұлттық тіл. Академик Ә.Қайдар: «Тілсіз адамзат қоғамының, адамзат қоғамынсыз тілдің де болмайтыны рас. Ата-бабалардан ұрпаққа аманат болып қалған бай рухани, мәдени мұрамызды өз бойына сіңіріп, сары майдай сақтап, жалғастыру арқылы тіл қауымын мәнгүрттіктен аман алып келе жатқан сирек құбылыс – феномен де осы тіліміз ғой. «Өркениет, мәдениет, салт-дәстүр, ұлттық менталитет» деп дәріптейтін құндылықтардың бәрі де, сайып келгенде, тіл қасиетіне барып тұрақтайды, тілдің күдіретті күшімен, тамаша жаратылысымен ғана бейнеленіп, бағаланып, реальді факторға айналады», - деп жазады [4, 10 б.]. Жоғарыда біз атап өткен үш құжаттың ішінде соңғы стандартта ғана тілге қарай сәл бетбұрысты, атап айтқанда, «Тіл» құндылығына негізделген мазмұндық концептісінің жеке берілгенін көреміз. Ал 2017-жылдан қазіргі күнге дейін «Жаңартылған бағдарламаға» сәйкес тіл сабағында тілден басқаның бәрі оқытылып келе жатқаны белгілі. Қазақ тілі мұғалімдері бір күні географ, бір күні астроном, бір күні экономист болып, сабақ өткізіп келеді. Оқушы БЖБ, ТЖБ-да туризм мен жол жүру ережелерінен сынақ

тапсырып жүргені тағы белгілі. Пәнді құндылық бағдарлы жүргізу үшін алдымен оқушы сол пәннің өзін құндылық ретінде қабылдауы тиіс. Әрине, Стандартта белгіленген басқа тоғыз концепт те мәтіндер мазмұнында қамтылады, алайда оқулыққа енгізілетін оқу материалдары мен мәтіндер мазмұны ең алдымен қазақ тілінің өзін құндылық ретінде қабылдауға қызмет етуі тиіс. Ол үшін оқулықта:

Қазақ тілінің сұлулығы мен әлеуеті туралы көркем, ғылыми, публицистикалық мәтіндер;

Сөз өнерінің қасиеті, тіл мәдениеті, тілдік тұлғаның қалыптасуы жайлы мәтіндер;

Қазақ тілінің байлығын көрсететін шешендік өнерінің озық үлгілері;

Қазақстан жері мен қазақ елінің рухани байлықтарын мадақтайтын шығармалар;

Қазақ мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінің тақырыптық жинақтары (тіл, сөз өнері, туған жер, рух, ар-намыс, парыз жайында), олардың пайда болу тарихы жайлы танымдық ақпараттар;

Оқулықтар тіліндегі аксиолексиканың этимологиялық анықтамалары т.б. қамтылуы тиіс.

Қазіргі жүйедегі қазақ тілінің грамматикасы ЭТН (әдеби-тілдік норма) деген атаумен шашыранды түрде беріліп, тіл заңдылықтарын өз жүйесімен оқымаудың салдары сауатсыздыққа әкеліп жатқандығын тілге жаны ашитын әрбір маман айтып келеді. Оқушының тіл туралы дүниетанымының қалыптасуы, тілдік санасының оянуы қазақ тілінің басты заңдылықтарының өзара ішкі байланысын, әрбір тілдік бірліктің қатысымдық қызметінің мәнін, өзіне тән басты ерекшеліктерін саналы түрде түсінген жағдайда, ақпараттық білімнен саналы білімге көтерілу үдерісінде қалыптасады. Бұл А.Байтұрсынұлының «Тірі білім» теориясына сәйкес «мәніс білім» мен «әдіс білімді» қатар жүзеге асырған кезде ғана мүмкін болады [5].

Құндылық қағаз бетіндегі танымдық ақпарат күйінен адам бойындағы «наным, сенім, мінез-құлық, әрекет» деген ұғымдарды құрайтын құндылық бағдарына айналғанға дейінгі аралықта бірнеше кезеңдерден өтуі тиіс. Осы құбылысты зерттеген психолог ғалымдар адамның құндылық бағдары қалыптасуының «Когнитивтік, эмоционалдық, бағалауыштық және әрекеттік» деген үш кезеңін атап көрсетеді [6, 7]. Яғни адам ақпаратты танығаннан кейін оның құндылық мәнін жүрегімен сезіне алса ғана құндылық бағдар қалыптасу үдерісі алдыға қарай жылжиды. Яғни, ақпаратты жай ғана бермей, оның оқушы сезіміне әсер етуі қажеттігіне баса мән беруіміз қажет болады. Ал жан-жақтан секунд сайын келіп түсіп жатқан түрлі форматтағы миллиондаған ақпараттың ортасында отырған заманауи ұрпақты таң қалдыру, эмоциясына әсер ету оңай шаруа емес екені анық. Ондай болса, *«Қазақ тілі сабағында немен қызықтыруға болады?»* деген тағы бір сұрақ туындайды. Бұл сұрақтың жауабын ұлы Абайдың: «Ынталы жүрек сезген сөз бар тамырды қуалар», - деген сөзінен табамыз [8]. Сондықтан Қазақ тілі пәнінің басты міндеттерінің бірі – оқушының бойында сөз өнеріне деген, тіл байлығын дамыту арқылы өз өмірін жақсартуға деген құлшынысты ояту болуы тиіс. Оқушы бұл пәннен алатын білімді құнды деп бағалауы үшін алдымен оның «пайдалы» екенін сезінуі қажет. Ол әуелі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқу арқылы сөз өнерін меңгеретінін, сол арқылы өз өмірін жаңа сапаға көтеретінін түсінуі қажет. Сол кезде ғана оқушы тіл мен әдебиет пәндерін, осы пәндер арқылы алатын білімін құндылық ретінде қабылдайды.

Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мұғалім қалыптастыратын құндылық негіздері: Сөзге деген сүйіспеншілік; Көркем сөз өнеріне деген қызығушылық; Тілді ұлттық-мәдени феномен ретінде бағалау болуы тиіс.

А. Байтұрсынұлы "Әдебиет танытқыш" еңбегінде сөз өнерін адам санасының үш негізіне: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге тірелетінін атап көрсетеді. Ғалымның: "Ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау», - деген пікірі құндылық бағдар қалыптасуының когнитивтік, эмоционалдық-бағалауыштық және әрекеттік деңгейлерімен, сонымен қатар құндылық қатынас қалыптасуының "іздеу, тану, сезіну, бағалау, мақсат құру" кезеңдерімен сәйкес келетінін анық көруге болады (1-сурет).

1. <u>Когнитивтік</u>	«Ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға, салып ойлау»
2. <u>Эмоционалды-бағалауыштық</u>	«Қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, <u>бернелеу</u> , суреттеп ойлау»
3. <u>Әрекеттік</u>	«Көңіл ісі – түйю, талғау»


1-сурет. Құндылық бағдар қалыптасуы кезеңдерінің А. Байтұрсынұлы теориясымен сәйкестігі.

А. Байтұрсынұлы аталған еңбегінде шығарманың тілінің ғылымы және түрінің ғылымы болатындығын атап көрсетеді [9]. Соған байланысты қазақ тілі сабағында оқылым, тыңдалым мәтіндерінің түрі мен тілін талдау жұмыстары қатар жүргізілуі қажет. Бүгінгі тәжірибе көрсетіп отырғандай, қазіргі қолданыстағы бағдарламада оқылым, тыңдалым мақсаттары тек мәтін мазмұнын талдауға құрылған. Бұл жайында біз “Қолданыстағы жаңартылған бағдарламаның басты кемшілігі” атты мақаламызда тарқатып жазған болатынбыз [10].

Қазақ тілі сабағында БЖБ, ТЖБ ұйымдастыру формалары оқу сауаттылығы (мәтіннің түрі мен тілін талдау), өз мәтінін құрастыру (шығарма, эссе жазу) және жазу сауаттылығын (диктант, мазмұндама жазу) айқындау, коммуникативтік-тілдік нормаларды білу, қолдану (лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдау жасау) деңгейін бағалау түрінде ұйымдастырылуы тиіс. Енді осы жерде тілдік ережелерді жаттату дұрыс емес, ол функционалдық тұрғыдан оқыту ұстанымына қайшы деген пікір ортаға шығады. Олай болса, «Қазақ тілі сабағында берілетін тілдік білімді (ӘТН) қалай қызықты етіп ұсынуға болады?» деген келесі сұрақ туындайды. Бұл сұраққа қатысты ғалымдар еңбектерінен *теориялық тақырыпты құнды ғылыми ақпараттардың көмегімен қызықты етіп түсіндіру арқылы құндылық мәнін сезндіру қажет* деген жауап таптық. Атап айтқанда, академик Ф.Ш. Оразбаева: «...қазақ тілін оқыту, үйрету барысында, біріншіден, оның қазақ ұлтының, қазақ халқының ана тілі екенін, оның ертеден дамыған тарихы барын, әдеби тіл дәрежесіне көтерілген салаларын, жазба тілге тән т.б. қасиеттерін түсіндіру қажет» екендігін айтады [11, 31 б.]. В.А. Маслованың айтуынша, адам бір объектінің құндылығын бағалауы үшін оның бойында осы қасиеттердің бар екендігін сезінуі қажет [12, 14 б.]. Демек, оқушы қазақ тілін оқып-үйрене отырып, оның құдіретті күші арқылы қазақ халқының рухани, мәдени құндылықтарын сезінген кезде тілге, ұлтқа деген құрметі де арта түседі, тіл арқылы баға жетпес байлықты меңгеретінін саналы түрде түсінеді.

Соған байланысты болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі – 01717-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының студенттеріне сабақ барысында қазақ тілінің құндылығын таныту мақсатында оқушыларды қызықтыратын, ұлттық рухын оятуға ықпал ететін, қазақ тілін басты рухани құндылық ретінде танытып, ана тілінің ерекшеліктері жайлы оқушылардың бойында терең түсінік қалыптастыруға әсер ететін құнды ғылыми ақпараттар іздеп, табу және оқушыларға түсіндіруде қолданылатын лингводидактикалық көрнекілік ретінде рәсімдеу тапсырмасы берілді (2-сурет).

Студенттерге құнды ғылыми ақпараттар келесі критерийлер бойынша бағаланатыны ескертілді: Оқушының тарихи (тарихи формасы мен мағынасы; басқа туыстас, туыстас емес тілдермен салыстырғандағы ерекшелігі) және заманауи (мәдениаралық коммуникациядағы маңызы; сөйлеу тіліндегі қолданысы) тілдік санасын оятуға ықпал ететін қызықты ғылыми-танымдық мәліметтерді камтуы; Әр ақпарат бойынша пайдаланылған әдебиеттердің (ғылыми монография, мақала, оқу құралы, сөздік т.б.) көрсетілуі; Оқушының қабылдауына негізделген, жеңіл, қысқа да нұсқа нақты деректердің, мысалдардың болуы; Ықшамдалып, жинақталып, көрнекі түрде ұсыну мақсатында қосымша кесте, сызба, суреттерді қолдануы.



2-сурет. Студенттердің тілдік бірліктер жайлы құнды ғылыми ақпараттарды сабақта қолданылатын көрнекілік ретінде рәсімдеу үлгілері.

Осындай оқулыққа қосымша құнды ғылыми ақпараттарды қабылдауға жеңіл түрде, көрнекі етіп ұсыну қазақ тілінің бойында сақталған құнды қазынасын оқушының тілдік санасына жеткізуге зор ықпал етеді. Сондықтан қазақ тілінің әрбір теориялық тақырыбын өтер кезде қосымша қызықты ақпараттарды қолданып отыру, аксиологиялық тұрғыдан түсіндіріп, құндылық мәнін аша көрсетіп отыру арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады. Сол кезде тілдің табиғатын тану арқылы қазақ халқына деген сыйластықты арттыру, қазақ ұлтының рухани қазынасын игеру арқылы оны дамытуға өз үлесін қосуға деген патриоттық сезімді қалыптастыру, бір сөзбен айтқанда, құндылық бағдар қалыптастыру ісі қатар жүреді. Әрине, қазақ тілін құндылық бағдарлы оқыту ісінде сұрақтар өте көп. Қазақ тілі мен әдебиетінің әрбір мұғалімі осы бағытта үнемі ізденісте болып, өз ісін сүйіп, құнды деп бағалап қызмет етсе, ол сұрақтардың оң шешімдері табыла бермек.

Мақала АР23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы «25» қазандағы № 545 бұйрығына 2-қосымша. ҚР БЖҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 192-қосымша. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде).

2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы // <https://www.gov.kz/memleket/entities/bilim-semey/documents/details/744522>

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035670>

4. Қайдар Ә. Мәдениеттің негізі - тілде // «Мемлекеттік тіл және рухани мәдениет» атты профессор Ш.Сарыбаевтың 75 жылдығына орай ұйымдастырылған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: Арыс, 2001. – 183 б.

5. Байтұрсынұлы А. Баулу мектебі // «Жаңа мектеп» 1925. №1. 24-27 б. Мақаланы араб жазуынан орыс графикасына түсіріп, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» атты журналында (Алматы, 2000) және «Жалын» (2009. №9. 37- 39-б.) журналында жариялаған – О.Жұбаева. [Ахмет Байтұрсынұлы: Баулу мектебі \(adebiportal.kz\)](https://adebiportal.kz)

6. Кейв М.А. Формирование ценностного отношения к математическим знаниям у студентов – будущих учителей математики - в процессе обучения дискретной математике. – АКД. – Красноярск, 2006. – 25 с.

7. Кирьякова А.В. Теория ориентации личности в мире ценностей. Монография. – Оренбург, 1996. – 190 с.

8. Құнанбайұлы А. Қуаты оттай бұрқырап // <https://abaialemi.kz/post/view?id=223>

9. Байтұрсынов Ә.Әдебиет танытқыш. – Алматы: Ана тілі, 1989. – 298 б.

10. Қапантайқызы Ш. Қолданыстағы жаңартылған бағдарламаның басты кемшілігі // https://mtdi.kz/main/oku_adisteme/id/1292

11. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: Теориясы және әдістемесі. – Алматы: Ы.Алтынсарин ат.ҚБАРБҚ, 2000. – 208 б.

12. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 202 с.